

8D01101 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Шакирова Арайлы Далеловнаның «Әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту» тақырыбында дайындалған диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1. Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).	Диссертация тақырыбы, зерттеу идеясы, мазмұны мен логикасы 2021 жылдың 12 қазанында ҚР Үкіметінің 2021 – 2025 жылдарға арналған 1) «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасына; 2) «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасына; 3) «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасына; 4) ҚР ғылымын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына; шеңберіне <u>сәйкес</u> . А.Д. Шакированың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына <u>сәйкес</u> дайындалған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	2.1. Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады/қоспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u> .	Диссертанттың зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-тәжірибелік нәтижелері педагогика, психология ғылымдарының дамуына елеулі <u>үлес қосады</u> . Себебі А.Д. Шакирова отандық және шетелдік ғалым-зерттеушілер еңбектерін талдау арқылы ЖОО-дағы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындаған. Әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы «педагогикалық қабілет» ұғымының мәні мен мазмұнын нақтылаған. Әлеуметтік-психологиялық тренингтер арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, деңгейлік сипаттары дәйектелген. Диссертант әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы ЖОО білімгерлерінің педагогикалық қабілеттерін дамытудың кешенді бағдарламасын әзірлеп, тиімділігін тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелдеген.
3.	Өзі жазу принципі	3.1. Өзі жазу деңгейі:	Диссертант ғылыми зерттеу жұмысын

		<p>1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.</p>	<p>өзі жазғандығына дәлел мен дерек жеткілікті. Ой-пікірлері, тұжырымдары автордың жүйелі әрі анық баяндау мәнерімен ерекшеленеді. Тақырып мәселесінің нақты қойылып, оның зерттелу деңгейінің жоғары болуы диссертанттың кәсіби мамандық бойынша тәжірибесінің жеткіліктілігімен, тікелей осы салада қызмет етуімен расталады. Зерттеліп отырған тақырыптың құрылымын дұрыс құруға, соған сай мәселені анық қоя білуіне, дерек көзіне сүйене отырып, пікірін ішкі бірлікте өрбітіп мазмұн тұтастығын тұжырымдауға автордың зор мүмкіндіктерін жариялаған ғылыми еңбектері объективті етеді.</p>
4.	Ішкі бірлік принцип	<p>4.1. Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u>; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті тұлға дамуына негіз болатын білікті педагог қажет. Бұл мәселе ЖОО-да білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамытудан басталады. Ол қабілеттерді әлеуметтік-психологиялық тренингтер барысында қол жеткізуге болады. Ұсынылып отырған жұмыс тұлғаның, білімгерлердің әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы педагогикалық қабілеттерін дамыту бағытындағы алғашқы жұмыстардың бірі. Сол себепті теориялық және тәжірибелік тұрғыда жұмыстың өзектілігі айқын.</p>
		<p>4.2. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u>; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындалмайды.</p>	<p>А.Д. Шакированың диссертациялық жұмысының мазмұны «Әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту» атты зерттеу тақырыбын толық айқындайды. Зерттеу жұмысының бірінші тарауында зерттеу мәселесі бойынша философиялық, педагогикалық, психологиялық еңбектерге теориялық талдау жасалынып, мәселенің теориялық негіздері айқындалса, екінші тарауды әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілет деңгейлері анықталып, педагогикалық-психологиялық диагностикалық құралдары нақтыланып, анықтаушы эксперимент нәтижелері берілген. Жұмыстың үшінші тарауында білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін әлеуметтік-</p>

		<p>психологиялық тренинг арқылы дамытудың моделі ұсынылып, оның компоненттері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталған, жоғары оқу орындары білімгерлерінің әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы педагогикалық қабілеттерін дамытудың кешенді бағдарламасы ұсынылады.</p> <p>Оқу-әдістемелік бағдарламаның маңыздылығы мен білімгерлерді оқу-әдістемелік тұрғыдан әлеуметтік-психологиялық тренингпен педагогикалық қабілеттерін дамыту жұмыстарын ұйымдастырылуы көрсетілген.</p> <p>Диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертацияның <u>тақырыбын айқындайды.</u></p>	
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. 		<p>Зерттеу жұмысына қатысты қойылған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына <u>сәйкес келеді</u> және зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды.</p> <p>Диссертацияда зерттеуші төрт міндет айқындап, шешімін таба білген.</p> <p>Бірінші міндетке сәйкес білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамытуда әлеуметтік-психологиялық тренингтің психологиялық-педагогикалық негіздерін анықтаған; екінші міндетке сай зерттеудің негізгі ұғымдарына (педагогикалық қабілеттер, әлеуметтік-психологиялық дайындық) талдау жасап, олардың мәнін, қызметін, құрылымын анықтаған; үшінші міндетке сәйкес болашақ мұғалімдердің педагогикалық қабілеттерін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған және төртінші міндетке сай білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық тренинг бойынша бағдарлама кешенін әзірлеп, оны эксперименттік тексеруден өткізіп, білімгерлерді даярлау тәжірибесінде әлеуметтік-психологиялық тренингті пайдаланудың тиімділігін анықтаған.</p> <p>Алынған жаңа нәтижелер докторанттың міндеттерді шешуде толық жүзеге асыра алғандығын және сенімділігін растайды.</p>

	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланысы жоқ. 	<p>А.Шакированың ғылыми жұмысы кіріспеден, 3 тараудан, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады, құрылымы логикаға сай, алынған зерттеу мәселесін бірізді аяқталған ғылыми бірлік ретінде тануға толық негіз бар. Соның нәтижесінде теориялық және тәжірибелік жаңалықтарды, қорғауға ұсынылған қағидаларды да байланысқан бірліктер ретінде қарастыруға болады.</p>
	<p>4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидастар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген. 	<p>Диссертант зерттеу мәселесі бойынша ғылыми еңбектерді <u>сыни талдай алған</u>. Автор ұсынған жаңа шешімдер «Әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту» ерекшеліктерін анықтау тәжірибесінде, құрылымдық-мазмұндық моделін құрастыруда бірнеше позициялар ескерілген: педагогикалық қабілеттерді дамыту қажеттілігімен, әлеуметтік-психологиялық тренинг туралы жүйелі біліммен және мәселені шешу үшін ақпарат көздерін өзбетінше талдау қабілетімен, рефлексивті ойлау әдістерін меңгерген: тоқтату, еске түсіру, оқшаулау, қарама-қайшылықтар мен ұқсастықтарды іздеу, сәтті орындалған қызметке ұқсас іс-әрекеттер, нәтижелер мен мақсаттарды салыстыру, түзетумен сипатталады.</p> <p>Екіншіден, диагностикалық әдістерде «Кәсіби-педагогикалық өзін-өзі дамытуға ішінара дайындық деңгейінің диагностикасы» әдістемесі; О.Ф. Потемкинаның мотивациялық-қажеттілік саласындағы жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық көзқарастарын диагностикалау әдістемесі; «Қабілет деңгейін анықтау» тесті; К. Роджерс пен Р. Даймондтың әлеуметтік-психологиялық бейімделуін диагностикалау әдістемесі; Педагогикалық қабілеттілікті талдау әдістемесі; Өзін-өзі дамыту және кәсіби-педагогикалық қызмет деңгейін диагностикалау (Л.Н. Бережнова); «Сізде қандай әлеуметтік-психологиялық көзқарастар бар?» сауалнамалары тиімді іске асырылып, дәлелденді. Үшіншіден, күтілетін нәтижеде</p>

			<p>білімгерлердің педагогикалық қабілеттері: жеке және кәсіби өзін-өзі жетілдіру мақсатында семантикалық іздеу және шығармашылық белсенділікті қамтамасыз ететін құндылық бағдарын, мінез-құлық икемділігін дербес анықтаумен сипатталатын үздіксіз білім берудің тұтас жүйесі (білім, білік, оқуға деген қажеттілік, оған тұрақты қызығушылық) қарастырылады. Сонымен, білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін бір жүйеге келтіріп, сыни талдаулар жасалды. Зерттеу мәселесінің негізгі түйіндері модельге түсіріліп, бағдарлама әзірленіп, «Әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту» авторлық тұрғыда негізделген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1. Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылады ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</p>	<p>Зерттеу мәселесі бойынша алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар <u>толығымен жаңа болып</u> табылады.</p> <p>Бірінші нәтиженің <i>жаңалығы</i> дисертанттың философиялық, психологиялық-педагогикалық және арнайы зерттеулерге талдау жасап, тәжірибені сараптап, зерттеуде басшылыққа алып, сүйенетін әдіснамалық амалдар мен ұстанымдардың айқындалуымен негізделеді.</p> <p>Екінші нәтиже <i>жаңа</i>, себебі отандық және шетелдік ғалым, зерттеушілер еңбектеріне талдау жасалып, «әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы педагогикалық қабілеттерді дамыту» мәні, құрылымы, мазмұны нақтыланып, авторлық тұрғыда жаңа түсінікпен ашылған.</p> <p>Үшінші нәтиженің <i>жаңалығы</i> әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі алғаш рет әзірленуінде.</p> <p>Төртінші нәтиже <i>жаңа</i>, себебі әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамытудың кешенді бағдарламасы әзірленіп, тиімділігі тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелденген.</p>
	5.2. Диссертацияның	Диссертацияның қорытындылары	

		<p>қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</p>	<p><u>толығымен жаңа.</u> Оған автордың 1) ЖОО-ның оқыту жүйесінде әлеуметтік-психологиялық тренинг білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту үшін заманауи білім беру бағдарламаларына, психологиялық-педагогикалық диагностикалық әдістер мен инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануымен байланысты болады, 2) білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамытуда әлеуметтік-психологиялық тренингтің жаңаша мүмкіндіктерін қарастырып, оны ЖОО-дағы заманауи оқыту жүйесінде пайдалану білімгерлердің рефлексиясын және педагогикалық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді деген тұжырымдары дәлел. Зерттеуден қорытылған теориялық тұжырымдар мен әдістемелік ұсыныстарды жоғары оқу орындары қолдана алады.</p>
		<p>5.3. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері <u>толығымен жаңа.</u> Бұл автордың зерттеу жұмысындағы ғылыми нәтижелердің жаңалығымен, тақырыптың өзектілігімен, оқытудың белсенді техникаларын, топтық технологиясын педагогикалық қабілетті дамытуға қатысты ЖОО-да модификациялап қолдануымен, ғылыми негіздеуімен дәлелденеді және педагогикалық эксперимент жұмыстар нәтижесінен, кешенді бағдарлама нәтижесімен расталады. Осы орайда «Әлеуметтік-психологиялық тренинг (педагогикалық қабілеттілік) негіздері» білім беру бағдарламасы арнайы курсы әзірленген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>6.1. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің қорытындылары ауқымды ғылыми теориялық-әдіснамалық және әдістемелік-практикалық тұрғыдан дәлме-дәл негізделген; ғылыми ұғымдар, пікірлер мен тұжырымдар зерттеу барысында дәйекті нақтыланған және эмпирикалық нәтижелер Спирменнің рангілік корреляция коэффициенті, корреляциялық талдаумен статистикалық мәнділігі расталған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1. Қағидат дәлелденді ме?</p>	<p>А.Д. Шакированың диссертациялық жұмысында төрт қағидат ұсынылған. Зерттеу барысында алынған теориялық</p>

		<p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді.</p>	<p>және эмпирикалық зерттеу нәтижелерінің жоғары ғылыми таным негізінде алынуымен, талданып, қорытындылануымен; сондай-ақ, тұжырымдалған жаңалықтардың әр деңгейлі конференцияларда баяндалуымен, ғылыми басылымдарда жариялануымен және оқу-әдістемелік құралдың жариялануымен және зерттеу нәтижелерінің тәжірибеге енгізілгенін растайтын анықтамалардың тіркелуімен диссертацияның негізгі қағидаларының дәлелдігі айқындалады.</p>
		<p>7.2. Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p>	<p>Қорғауға шығарылған негізгі қағидағар өзіндік түпнұсқалық бірегей жаңашылдық сипатта болғандықтан <u>тривиалды емес</u>.</p>
		<p>7.3. Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың қорғауға ұсынған әрбір қағидасы <u>жаңа</u>. Бұл педагогика және психология ғылымдарының өрісінде жаңа әдіснамалық негіздермен, сыни талдау тұрғысымен, эмпирикалық зерттеумен айқындалады.</p>
		<p>7.4. Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u>.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері және «Әлеуметтік-психологиялық тренинг (педагогикалық қабілеттілік)» атты арнайы білім беру бағдарламасы, «Әлеуметтік-психологиялық тренинг: педагогикалық қабілет» оқу-әдістемелік құралы, Әлеуметтік-психологиялық тренинг бағдарламасы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамытуда ғана емес, білім саласындағы оқыту, тәрбиелеу, дамыту өрістерінде қолдануға боларлықтай ауқымы <u>кең</u>.</p>
		<p>7.5. Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияның негізгі мазмұны, идеясы, зерттеу қадамдары мен міндеттерінің шешімдері мақалаларда жарияланған. Диссертацияның негізгі қағидалары 12 ғылыми мақалада, халықаралық ғылыми конференцияларда дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1. Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Зерттеудің теориялық негіздері мен эмпирикалық бөлімдері нақты айқындалған әдіснамалық тұғырлар мен қағидалардың (ғылымилық, іс-әрекеттік, ақпараттық, аксиологиялық, синергетикалдық, жеке тұлғалық, жалпы мәдени құндылық) жиынтығы арқылы нақтыланған.</p>
		<p>8.2. Диссертация жұмысының</p>	<p>Компьютерлік технологиялар мен</p>

		<p>нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p>	<p>қолданбалы бағдарламалар диссертациялық жұмыстағы теориялық-эмпирикалық нәтижелерді және статистикалық көрсеткіштерді алу, өңдеу және интерпретациялау барысында қолданылған.</p>
		<p>8.3. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p>	<p>А.Д. Шакированың «Әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту» атты диссертациясында қорытылған теориялық тұжырымдардың және 85 студент қатысқан тәжірибелік-эксперименттік жұмыс (анықтау, қалыптастыру және бақылау эксперимент) барысындағы сандық және сапалық көрсеткіштердің ғылымилығымен, мәнділігімен, дәлелденген және расталған.</p>
		<p>8.4. Маңызды дәлелдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер мен <u>расталған/ішінара расталған/расталмаған</u>.</p>	<p>Диссертациялық зерттеу нәтижелері тақырыпқа сәйкес әдебиеттерге сыни талдау, пайдаланылған материалдар мен дереккөздерге сілтемелер арқылы расталады.</p>
		<p>8.5. Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>.</p>	<p>207 атаудан тұратын пайдаланған әдебиеттер тізімі диссертациялық зерттеу барысында маңызды дәлелдемелер, нақты және сенімді ғылыми нәтижелер алуға <u>жеткілікті</u>.</p>
9.	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1. Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p>	<p>Себебі әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін, эмпирикалық дизайны мен нәтижелерін басқа да ғылыми педагогикалық, психологиялық зерттеулерде, практикалық психологияда, педагогикалық іс-әрекетте қолдануға, үлгілеуге, нобайлауға болады.</p>
		<p>9.2. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңыздылығы және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі <u>жоғары</u>. Атап айтсақ: – үлгі ретінде әзірленген әлеуметтік-психологиялық тренинг тапсырмалар кешенін қолдануға болады; – «Әлеуметтік-психологиялық тренинг (педагогикалық қабілеттілік) негіздері» білім беру бағдарламасы бойынша әзірленген арнайы курсты түпнұсқада не түрлендіріп қолдануға болады;</p>

		<p>– әзірленген «Әлеуметтік-психологиялық тренинг: Педагогикалық қабілет»: оқу-әдістемелік құрал (Шакирова А.Д., Токсанбаева Н.К., Закарьянова Ш.Н., Аязбаева Б.Б. – Алматы, 2022 жыл. – 156 б.) оқу-әдістемелік құралын білім беру салаларындағы оқыту процесінде немесе өзіндік даму үшін қолдануға болады;</p> <p>– ұйымдастырылып, өткізілген «Әлеуметтік-психологиялық тренинг (педагогикалық қабілеттілік)» тренингтік курсы жаңаша бір педагогикалық, психологиялық ықпал ретінде таратуға болады;</p> <p>– жалпы, барша зерттеу нәтижелерін, білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамытуға бағытталған нақты әзірлемелерді жоғары оқу орындарында, педагогикалық колледждерде және педагог мамандардың біліктіліктерін жоғарылату институты (БЖИ) тәжірибелерінде пайдалануға болады.</p>	
		<p>9.3. Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</p>	<p>Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар <u>толығымен жаңа</u>. Атап айтқанда, қорытылған төмендегі ұсыныстар жаңашылдықпен ерекшеленеді:</p> <p>1. Болашақ мұғалімдердің педагогикалық қабілеттерін дамытуда әлеуметтік-психологиялық тренинг методологиясы бойынша электронды оқулықтар әзірлеу.</p> <p>2. ЖОО-дағы педагогикалық процесте білімгерлердің кәсіби-тұлғалық дамуын қоғамдық сұраныстарға сәйкестендіріп, әлеуметтік-психологиялық тренинг әдістерін тиімді қолданудың бағдарламасын жасау.</p> <p>3. Білім алушыларда педагогикалық қабілеттерді дамытуды әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы қарқындылықпен жүзеге асыру.</p> <p>4. Арнайы курс мазмұнын барлық педагогикалық бағыттағы мамандықтарға бейімдеп, оқыту процесіне ендіру.</p>
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы <u>жоғары</u>. Диссертация мазмұнының баяндалуы мен стилі ғылыми жұмыс формаларына қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар</p>

		пікірлер, тұжырымдар жеткілікті түрде қорытылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнының рәсімделуі ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.
--	--	---

Қорғауға ұсынылған тұжырымдар мен ұсыныстар диссертациялық зерттеу мақсат міндеттерінің толымды шешімі және зерттеу болжамының тексеріліп, расталған нәтижесі болады.

8D01101 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Арайлы Далеловна Шакированың ұсынған «Әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға сәйкес келетіндіктен философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

**Тұран университеті,
психология кафедрасының профессоры,
психология ғылымдарының докторы**



А.Р. Ерментаева қолын
рұстаймын. «Тұран»
университетінің ҚКҚБ
Бөлімінің бастығы
Ж.